

**Жаңа заман күйшілері:
Дәулеткерей Шығайұлы,
Қазанғап Тілепбергелулы**

Орындаған: Чаяков А.М.

Дәулеткерей Шығайұлы (1814-1887)



1814 ж. қазіргі Орал облысының Орда ауданында ауқатты отбасында дүниеге келген. Әкесі Шығай да, Бөкей ордасының ханы Жәңгір-Керей хан де оны бала жасынан ел билеуге, төрелік салтанат құруға тәрбиелеген. Дәулеткерейдің халық тағдырын, елдің еркіндікке ұмтылу сезімін бейнелеген "Топан", "Жігер" атты күйлері тегеурінділігімен қоса тақсірет көрген ержүрек адамның салмақты, салиқалы тебіреніс-толғанысын бейнелейді.

"Жігер" туралы Затаевич былай деп жазған: "Бұл күй — дыбыстық мүмкіндігі аз домбыраның тар көмейіне сыймай, тасып жатқан терең де мол, көтеріңкі лептегі мән-маңызы зор шығарма".

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары қайтыс болған Дәулеткерей, ұзақ уақыт өмір сүрмесе де артына өлмес, өшпес мұра қалдырып кеткен ұлы күйшілердің бірі.

Дәулеткерей Шығайұлы - «төре күйлерінің атасы»

Төре күйлері-
бұл дәстүрдегі
күйлер
лирикалық
сезімталдығымен
ерекшелінеді.

Төре күйлерінің
өз алдына дәстүр
болып орнығуы
– хан-
сұлтандардың
ортасы

Дәулеткерей бұл ортада шектеліп қалмай, барша халықпен үндесіп, күй төккен майталман. Ол өмірдің мән-мағынасын сұлтандық шеннен емес, күйшілік өнерден іздеген тұлға. Аса сезімтал сырбаз сазгердің лирикалық, ойлы шығармалары – қазақтың күй қазынасының бір шоқтығы екені даусыз. Дәулеткерей өзі сұлтандық құрған Бөкей ордасында ғана қалмай, басқа аймақтармен де өнер байланысында болып, саз шеңберін кеңейткен шебер. Ол тіпті 1855 жылы Петербургке барып, II Александр патшаның таққа отыру тойына қатысып қайтқан.

Дәулеткерей Шығайұлының күйшілік өнері

I кезең

- 1840 ж. дейінгі кезең. Ұстазы Мүсірәлінің күйшілік өнеріне беріліп, халықтың телегей-теңіз аслы мұрасына қанбас құмарлықпен ден қояды.
- Алғашқы күйлері: «Ақжелең», «Қосалқы» күйлері дүниеге келеді. Дәулеткерейдің алғашқы кезеңде шығарған күйлері жарқын сезімге, сұлу суреттерге бай: «Қыз Ақжелең», «Қосалқа», «Ысқырма» т.б.

II кезең

- 40-60 жж. шығарған күйлер. Ортаның тағдыр-тізгінін ұстауға араласа бастайды. Ұлы Құрманғазымен де кездесіп, екеуі күймен тілдесіп, домбыраның үнімен сөйлескен. Дәулеткерейдің «Бұлбұл», Құрманғазының «Бұлбұлдың құрғыры» атты күйлерінің шығу тарихы сол кездесуден.
- «Қарақожа», «Салық өлген» атты күйлері дүниеге келген.

III кезең

- 60 ж. кейінгі кезең. 1822 жылы хандық билік жойылды. Драмалық шиеленіске толы күйлері осы кезеңде туады: «Тартыс», «Шолтақ», «Топан», «Жігер».

Дәулеткерей Шығайұлының «Жігер» күйі

"ЖІГЕР"

Дәулеткерей

Орындаған Қ.Жантілеуов. Нотаға түсірген А.Райымбергенов.

Асықпай, ойлы.



«Жігер» Дәулеткерейдің әбден толысып, оң-солын танып, дүние тіршіліктің парқын бажайлағанда шығарған күйі. Ахмет Жұбанов «Жігер» күйін Дәулеткерей шығармашылығының ең биік шыңы дейді: «Шыныда да «Жігер» күйі өте терең, музыкалық тілі бай, құрылысы ерекше, интонациялық жағы таң қаларлық, дамуы, мелодикасы, динамикасы көп күйде кездеспейтін жан-жақты үлкен философиялық шығарма». А.В. Затаевич «Жігер» күйін Чайковскийдің «Патетикалық симфониясының» төртінші бөліміне теңейді.

Қазанғап Тілепбергелұлы (1854-1927)



Туып-өскен жері — Арал теңізінің жағасы, Құланды түбегінің Ақбауыр деген жері. Топырақ бұйырған жері — сол Ақбауыр маңы, Айшуақ ауылының іргесі. Шыққан тегі — Ұлы жүз құрамындағы байырғы тайпалардың бірі — Шанышқылы. Кіші жүздің Ресейге бодан болуы, ел ішіндегі әлеуметтік-саяси құрылымға ертерек өзгеріс енгізіп, бұрынғы ру аралық пәтуә-бірлік шырқының ертерек бұзылуына себепші болды. Әрідегі Сырым батыр, онан соң Исатай мен Махамбет бастаған жойқын көтерілістер, берідегі Бекет батыр бастаған көтеріліс Қазанғаптың жөргектен құлағына сіңісті болған, қала берді көзі көрген заманалық тауқымет айғағы болатын.

Қазанғап Тілепбергелулы күйлерінің ерекшелігі

ТілепбергелулыҚазанғаптың шығармалары мүлде оқшау болмысымен назар аударады. Ең бір өнері асқанда өзіне дейінгі дәстүрді дамытып, өзіне дейінгі күйшілік мектептің өрісін ұзартады. Қазанғап күйлері тартылу тәсілінен бастап сарын-сазына дейін оқшау қасиеттермен дараланады.

Қазанғап күйлерінің екі ем немесе үш ем болып, бірнеше буыннан құралатыны өз алдына, қағыс түрлерінің өзі құбылып, ырғағы мен тыныстарын ұдайы өзгертіп отырады. Әсіресе, оң қолдың қимыл-қозғалысы күйдің әуендік тілін айқындауда басты тетік болып келеді.

Қазанғап күйлерінің ерекшелігі даралық қасиеті ең алдымен саз-сарын тілінің ерекшеліктерімен көрінеді. Оның күйлерінің иірім-қайырымы қаншалықты тосын болса, әуен- сазы соншалықты бай болып келеді.

Қазанғап Тілепбергелулы- айтыскер күйші

Қазанғап- Үсен төре айтысы

- Орынбор жәрменкесінде орын алады. Қазанғап-Үсен төренің күй айтысы қыр қазақтарының рухани өміріндегі ірі оқиға болған.
- Қазанғап осы айтыстан кейін: «Ысқарам», «Шынаяқ», «Қиту-қиту қайт-қайт» күйлерін дүниеге әкеледі.

«Ақжелең» топтама күйі

- Қоңырат деген жерде орын алады. Бұл кез Қазанғаптың әбден толысып, ел мен жерге көз қанықтырып, әсіресе халық арасындағы күйшіліктің ғажайып дәстүріне еркін сусындаған шағы.
- Қазанғап осы айтыста «Ақжелең» топтама күйін орындаумен қатар осы циклдің «Күй шақырғыш» атты бірінші күйінің аяқ жағына жаңа тақырыптық бөлім қосып орындайды.

Қазанғап Тілепбергелулы шығармашылығы

- Қазанғап — эпикалық күйші. Оның күйлері қазақтың өткеніне де, бүгінгіне де, болашағына да терең бойлайды. Қазанғап күйлері халық тарихының артта қалған алмағайып кезеңі туралы "Ноғайлы босқыны" деп, он алтыншы жылғы патша жарлығын жарадай сезіне отырып, "Жұртта қалған", "Окоп" деп күңіренеді. Қазан төңкерісінен кейінгі ел өмірінің түбірлі өзгерістерін ұлы көшке теңеп, "Қызыл керуен" деп бебеулейді. Ал "Майда қоңыр", "Учитель", "Өтті-ау дүние", "Көкіл" сияқты күйлері өмірдің мәні мен сөні туралы, бүгін мен болашақтың қамы туралы таусыла толғанады. Қазанғаптың күйшілік болмысына ден қойғанда, оны да ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ халқының рухани әлемінде көрініс тапқан антиутопиялық ағымның, кертолғау сарынының, зар заман тақырыбының аса дарынды өкілі деп таныған жөн.

Қазанғап Тілепбергелінің «Балжан қыз» күйі

Он сегіз жасар Балжан Қыз
Қазанғап Ор. және нотаға түс. Салуақас Балмағамбетов

Тез
mf

1

Қазанғап қарақалпақтар ортасында болған кезінде Балжан деген қызбен көңіл жарастырып, бас құрауға уәде байласады. Алайда жоқ-жітік тірлік кешкен қарт әкешенің жағдайымен Қазанғап уәделі уақытта Балжанға келе алмайды. Кейін тағдыр айдап, тұрмысқа шыққан Балжанға ұшырасады. Сонда Балжан: "Қазанғап аға, тағдырдың бұйрығы осылай болды. Менде жазық жоқ, сағынышты серік етіп, уәделі мерзімді екі еселеп күтіп-ақ едім. Кінә өзіңізден, енді арамызда өкпе мен өкініш қалмасын. Уәдеде тұра алмаған айып-шамыңызға өмір бойы маған күй арнап өтіңіз!" — деп, ашық мінезбен ағынан жарылады.

Қазанғап адалдық пен сұлулық айғағындай Балжан аруды өмір бойы күй арқауы, шабыт тұғыры етіп өткен. Қазанғап шығарған күйлердің ішінде Балжанға арналған күйлер циклы қазақ күй өнерінің ең бір шуақты шоғырына жатады.